

2025 ЖЫЛҒЫ «АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР АУРУХАНАСЫ» ШЖҚ
КМК-ның «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында
ұйымдастырылған ЖИЫННЫҢ хаттамасы

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл»

Өткізілген күні: 24.11.2025 жыл

Төрағалық еткен: «Атырау облыстық балалар ауруханасы» ШЖҚ КМК
директоры А.Т.Сабыргалиева

Хатшы: Комплаенс-офицер А.А.Темиргалиева

Қатысқандар: Орта буын қызметкерлері

Күн тәртібі

1. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңнамасының негізгі қағидаттары мен талаптарын түсіндіру.
2. Орталықта сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі алдын алу шаралары.
3. Этика және қызметтік әдеп нормаларының сақталуы.
4. Ұсыныстар мен алдағы міндеттер.

ТЫҢДАЛДЫ:

Төраға: А.Т.Сабыргалиева- Жиналысты ашып, жиынға қатысушыларды облыстық денсаулық сақтау басақармасы мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі тарапынан келіп жатқан қызметтік сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жалғасатынын ескерте келе, қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу жөнінде қатаң ескертті.

Темиргалиева А.А.: ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі талаптарын таныстырды. Медициналық ұйымдардағы ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін атап өтті, әсіресе медициналық қызмет көрсету мен дәрілік заттарды алу бағыттарында. Ұжымда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар ұдайы жүргізіліп отыру қажет екендігін, сыбайлас жемқорлық туғызатындай жағдайларды болдырмауға жұмыстану қажет дей келе, адамда

алдымен ішкі мәдениеттің, жемқорлық әрекеттеріне төзбеушілікке қасиеттердің, патриатизмдік сана сезім болғаны аса қажет. Сондықтан өзімізді және келешек ұрпақты биік рухпен тәрбиелеуге шақырды.

Персоналды басқару бөлімі басшысы: Жаңа қызметкерлерді қабылдау кезінде оларды міндетті түрде сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттармен таныстыру және оқыту үрдісі енгізілгені баяндалды.

Қатысушылар – сұрақтар қойып, өз пікірлерін білдірді.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Барлық құрылымдық бөлімшелерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды бекітіп, көрнекі ақпаратпен қамтамасыз ету.

Жауапты: Комплаенс-офицері, кадр бөлімі

2. Қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында тоқсан сайынғы оқыту-семинарлар ұйымдастыру.

Жауапты: Комплаенс-офицері

3. Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау арналары туралы еске салу ақпараттық парақтарын бөлімшелерге тарату.

Жауапты: Комплаенс-офицері

Атырау облыстық балалар
ауруханасы директоры



Сабыргалиева А.Т.

Комплаенс-офицер
(жауапты маман)



Темиргалиева А.А.